

Мерзімді

басылымдар заңы



КАЗАК

www.writers.kz

www.qazaqadebieti.kz

ӘДДЕБИЕТІ



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ПУШКИН ЖӘНЕ АБАЙ

Қазак әдебиеті мен өнері халық университеті өзінің кезекті сабағын осы екі ұлы ақын еңбектерінің үндестік байланысына арнағалы отыр. Орыс әдебиетінің рухын, нақтылығын бойына мол сіңірген және өткен ғасырда шығыс халықтарында Пушкинді аударуда, насихаттауда болсын Абайдан артық еңбек сіңірген адам болған емес; сондай-ақ оның аудармасына тең келер аударманы табу да қиын. Осы тұрғыдағы ақын еңбегі халықтар достығының символына айналып кетті. Терең тамырластығы бар бұл орайдағы әңгімені академик Зәки Ахметов жүргізеді де, кешке Пушкинді аударушы белгілі ақындар Қалижан Бекхожин, Қуандық Шаңғытбаев, Сағынғали Сейітов, Жаппар Өмірбеков, Ғафу Қайырбеков т. б. қатысады.

Т. ӘКІМОВ.